

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 907 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 23 қазандағы N 1375

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 қыркүйектегі N 907 қаулысының қосымшасынан (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 39, 453-бап) "Қазақмыс" мемлекеттік холдинг компаниясына кіретін мына кәсіпорындар алынып тасталсын:

"Шилісай" өндірістік бірлестігі, Октябрьск қаласы, Ақтөбе облысы;

"Октябрьдің 50 жылдығы" кеніші, Көктау қаласы, Ақтөбе облысы;

Бозшакөл кен орыны негізінде салынып жатқан кәсіпорын ("Бозшакөл" кен байыту комбинаты).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі